

2013 жылы Астана қаласында Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығының 12-ші министрлік конференциясын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 69-ө өкімі
2013 жылы қазанда Астана қаласында Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығының 12-ші министрлік конференциясын сапалы дайындауды және өткізуді қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған 2013 жылы қазанда Астана қаласында Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығының 12-ші министрлік конференциясын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

2. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр *С. Ахметов*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң
2 0 1 3 ж ы л ғ ы 2 4 с ә у і р д е г і
№ 6 9 - ө ө к і м і м е н
бекітілген

2013 жылы Астана қаласында Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығының 12-ші министрлік конференциясын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с №	Іс-шара	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушы
1	2	3	4
1	Сауда саясаты жөніндегі үйлестіру комитетінің отырысы	маусым	ЭБЖМ, ОАӨЭЫ хатшылығы (келісім бойынша)
2	Көлік секторы жөніндегі үйлестіру комитетінің отырысы	маусымның бірінші онкүндігі	ККМ, ОАӨЭЫ хатшылығы (келісім бойынша)
3	Жоғары лауазымды ресми тұлғалардың аралық отырысы	маусымның үшінші онкүндігі	ЭБЖМ, ККМ, ИЖТМ, Қаржыминінің КБК, Алматы қаласының әкімдігі, ОАӨЭЫ хатшылығы (келісім бойынша)
4	Көлік секторы жөніндегі үйлестіру комитетінің отырысы	қыркүйек	ККМ, ОАӨЭЫ хатшылығы (келісім бойынша)

5	Энергетика секторы жөніндегі үйлестіру комитетінің отырысы	қыркүйектің бірінші онкүндігі	ИЖТМ
6	Кедендік ынтымақтастық жөніндегі үйлестіру комитетінің отырысы	қыркүйектің екінші онкүндігі	Қаржыминінің КБК, ОАӨЭЫ хатшылығы (келісім бойынша)
7	Сауда саясаты жөніндегі үйлестіру комитетінің отырысы	қазанның үшінші онкүндігі	ЭБЖМ, ОАӨЭЫ хатшылығы (келісім бойынша)
8	Жоғары лауазымды ресми тұлғалардың жылдық отырысы	қазанның үшінші онкүндігі	ЭБЖМ, ККМ, ИЖТМ, Қаржыминінің КБК, СІМ, Астана қаласының әкімдігі, ОАӨЭЫ хатшылығы (келісім бойынша)
9	ОАӨЭЫ 12-ші министрлік конференциясы	қазанның үшінші онкүндігі	ЭБЖМ, ККМ, ИЖТМ, Қаржыминінің КБК, СІМ, Астана қаласының әкімдігі, ОАӨЭЫ хатшылығы (келісім бойынша)
10	ОАӨЭЫ 12-ші министрлік конференциясын өткізу қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат ұсыну	желтоқсан	ЭБЖМ (жинақтау), ИЖТМ, Алматы қаласының әкімдігі, ККМ, СІМ, Қаржыминінің КБК, Астана қаласының әкімдігі

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:
ККМ – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі;
ИЖТМ – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі;
Қаржыминінің КБК – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік б а қ ы л а у к о м и т е т і ;
ЭБЖМ – Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі;
СІМ – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі;
ОАӨЭЫ хатшылығы – Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығының хатшылығы.